

Ғалым өткен белестер

Профессор Р.С.Каренов — 70 жаста

Еліміздің аса көрнекті экономист-ғалымы, білім беру ісінің білікті ұйымдастырушысы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, алдыңғыларға сыйлы іні, кейінгілерге қамқор ұстаз, адал аға, айнымас жолдас Рашит Саттарұлы Каренов бүгінде 70 жасқа толып отыр. Ол 1944 жылы 13 қазанда Қарағанды қаласында дүниеге келген.

«Қыран баласы қияға қарап өседі», дейді кемеңгер халқымыз. Бала күнінен экономист болуды армандаған Рашит әкесі Саттар, анасы Шарбанның тәрбиесін көріп өскен алты баланың үлкені. Орта мектепті үздік бітірген Рашит 1962 жылы Қарағанды политехникалық институтының тау-кен факультетіне түсіп, студент атанды. Институт басшылығы ғылымға бейімділігімен, дарынымен көзге түскен Рашитты оқу орнын бітірісімен Мәскеудегі тау-кен институтының аспирантурасына жіберді.

1970 жылы Мәскеуде кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін Р.С. Каренов Қарағанды политехникалық институтында еңбек жолын ұстаздықтан бастады. 1981–1991 жылдары «Машина жасау экономикасы және оны ұйымдастыру» кафедрасының меңгерушісі болды.

Р.С. Кареновтың 1992 жылы Ресейдің Санкт-Петербург мемлекеттік университетінде қорғаған докторлық диссертациясын айрықша сипаттап жатудың қажеті жоқ сияқты. Өйткені оның аса күрделі, аса маңызды, өмірдің өзі алға тартқан проблеманы талдап шыққан ғылыми жұмысының нәтижесі екендігін «Қор қайтарымы ілімі және өлшеу әдістемесі, талдау және болжау (Қазақстан өнеркәсібі материалдарында)» деген тақырыбы-ақ айқын көрсетіп тұр.

1994 жылы Р.С. Каренов сол кездегі Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры Жамбыл Ақылбаевтың шақыруымен университеттің экономика факультетіне маркетинг кафедрасының меңгерушілігіне қызметке келді. Міне, осы уақыттан бастап оның бар өмірі, ғалымдық қызметі мен ұстаздығы атақты университеттің тарихымен ұштасып жатыр. 2002 жылы маркетинг кафедрасы екіге бөлініп, Рашит Саттарұлы жаңа менеджмент кафедрасын ашуға кірісіп кетті. Ол жаңа кафедраның оқу-әдістемелік, лабораториялық базасын уақыт оздырмай қалыптастырып үлгерді. «Уақыт деген тұлпардай жүйрік», — деп толғанады Рекең мұндайда.

Жылжып өткен жылдардың бедерлері шежіреге пара-пар. Әр кезеңнің өзіндік айшықты іздері бар. Айталық, еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі тұста бұрын бірыңғай орыс тілінде оқылатын дәрістерді енді ана тілімізге көшіру жөніндегі жұмыстар қолға алына бастады. Әсіресе бұл экономика, менеджмент және маркетинг білім беру саласында оңайға соққан жоқ. Қазақ тіліндегі оқулықтар мен әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі, тіпті мүлдем жоқтығы үлкен қолбайлау болды. Р.Каренов өз кафедрасындағы оқытушылармен бірлесе отырып, осы жұмысқа көп уақытын бөлді.

Өмірінің басты мақсаты ұлттық рухты жандандыру деп білетін үлкен жүректі ғалым елінің болашақ ғалымдарын даярлауда, олардың біліктілігін арттыру жолында зор еңбек етті. Оның тікелей жетекшілік жасауымен 45 кандидаттық, 2 докторлық диссертацияның қорғалуы — атақты ғалымның ғылым саласындағы адалдығы мен біліктілігі, табандылығы мен шыншылдығының нәтижесі.

Рашит Саттарұлының өнімді ғылыми-шығармашылық қызметінің нәтижесінде көптеген ғылыми еңбектері Қазақстанда, шет елдерде жарық көрді. Ғалым жоғары оқу орындарына арналған 30 оқу құралдары мен оқулықтарының, 45 монографияның, 1000-нан астам мақалалардың авторы. Бір қызығы, Рекең тек экономика ғылымымен ғана айналысып қоймай, рухани өмірге де белсене араласып жүр. Оның этнограф, әдебиетші, журналист ретіндегі еңбектері қазақ тарихындағы ойып орын алған кесек соқталы туындылар. Бұл баға жетпес асыл қазыналар бүгінде жер-жерге тарап, жұртшылық игілігіне айналды.

«Адам — бір жұмбақ, оны да ойла» деп Абай атамыз айтқандай, жұмбақтың шешуі неғұрлым қиын болса, соғұрлым қызық.

Бізге Рашит Саттарұлы Каренов сондай күрмеуі мол, күрделі жұмбақтай болып көрінеді. Ең сезімтал, аңғарымы мол деген жанның өзі жалт-жұлт етіп алуан-алуан шұғыла шашатын алмастың тек бір қырының ғана сәулесін көріп үлгереді екен. Сегіз қырлы, бір сырлы Рекеңнің кім қанша қырын танып, қай сырына қаныққандай?

Қараңыздаршы, Рашит Саттарұлы алған асулар қандай:

– 1995 жылы Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі болып сайланды;

- 1997–2000 жылдары Ғылым мен техниканың дамуына зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған ҚР Үкіметінің Мемлекеттік ғылыми стипендиясының иегері болды;
- 2007 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» Мемлекеттік грантының иегері;
- 2008 жылы Өндірісті ұйымдастыру ғылымы мен практикасының Халықаралық академиясының академигі болып сайланды;
- 2013 жылы академик З.Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің Құрметті профессоры және «Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің еңбек сіңірген қызметкері» атақтар берілді;
- 2013–2014 жылдары екінші рет Ғылым мен техниканың дамуына зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған ҚР Үкіметінің Мемлекеттік ғылыми стипендиясының иегері болды...

Екінші бірі бөлене қоймаған абырой, атақ осындай-ақ болсын!

Көрнекті ғалымның жүріп өткен өнегелі ғұмырын, ізгілікті істерін бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес.

«Ойлаған арманың орындалса, еліңе қызмет етсең, бала-шағаң, отбасың аман болса, ұрпақтарыңа дұрыс тәрбие бере алсаң — одан артық бақыт жоқ. Бұл жағынан өзімді әлемдегі ең бақытты адам деп санаймын», — дейді Рекен.

Профессор Кареновтың қызметі туған халқының көз алдында өтіп жатыр. Кімге де болсын, ел сенімінен артық баға жоқ. Кареновқа елі кәміл сенеді. Ал абзал азамат оны еңбегінің жанғаны деп біледі.

Рашид Саттарұлы өзінің бір әңгімесінде былай дегені есте қалыпты: «Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шықты», — демекші, эне-міне дегенше, жетіп келген кешегі алпысқа аң-таң болып жүргенде алдыма жетпіс те көлденең тұра қалып, амалсыз жетінші ондықтың үзенгісіне аяқ салдым. Сірә, бұған да қуану керек шығар. Өйткені, жетпіс рет қар басып, жетпіс рет жаз көріп, осы ғұмырға лайықты адам-пенденің еншісіне бөліп берілер қуаныштар мен жақсылықтардың дәмін таттым. «Бір күн өтсе, қуанба — өміріңнің саудасы», — деп отырушы еді баяғыда қариялар.

Біз күндер емес, айлардың, жылдардың тез өткенін тіледік, әр жылдың көне қоржынында біздерге арналған бір жақсылық жатқандай, сол жақсылыққа тезірек жетуге асықтық. Әлі де асығып келеміз. Сол жылдардың жылт еткен бір жақсылығына қосып қара шаштарымызды ақ шашқа айырбастап алып қалып жатқанымызды байқамашыз... Бірақ, несі бар, қара шашымыз ағарса, кемелденудің, ақыл тоқтатудың, әр нәрсенің паркы мен бәсін білер белеске көтерілгендіктің белгісі шығар».

Сөйтіп, ел сенімін жанына ең басты серік еткен ғұлама ғалым Рашид Саттарұлы Каренов 70 жасқа келді. Өткен өміріндегі тағдыр тосқан ауыртпалықтарды да, қабырға қайыстырар қайғыны да сан мәрте басынан өткерді профессор ағамыз. Жігерін жасытпай, қайратын қажытпай, қанына біткен қайсарлықпен көтеріп келеді бәрін. Таяу арада біз қуанышты хабардың куәсі болдық: ғылым мен білімде жеткен зор табысы үшін Рашид Саттарұлына Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Құрметті профессоры академиялық атағы берілді (Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ Сенатының 2014 жылғы 12 қыркүйектегі шешімі, № 1 хаттама).

Мерейтой құтты болсын, жетпісіңіздегі жігеріңіз жоғалмасын, сексенде де сергек, тоқсанда да тегеурінді болыңыз, Реке!

С.С.Ыдырыс,

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі экономика факультетінің деканы